

8 Тақырып. Кәсіпкерлік **құпия және оны қорғау** **тәсілдері**

- 1. Коммерциялық құпияның мәні және оны**
құрайтын мәліметтердің жіктелуі
- 2. Коммерциялық құпияны қорғау жүйесі**
және құпияны жариялағаны үшін
қолданылатын іс- шаралар

Коммерциялық құпияның мәні және оны құрайтын мәліметтердің жіктелуі

Кәсіпкерлік құпия – таралуы зиян келтіретін кәсіпорынның қызмет туралы мәліметтерді жариялауға (мәліметтерді пайдалануға шектеу қою) кәсіпорынның, кәсіпкердің заңмен қорғалатын құқығы.

Ал коммерциялық күпия деп жариялау олардың мүдделеріне зиянын тигізетін фирма, кәсіпорын қызмет туралы мәліметті айтамыз.

Коммерциялық күпия – заңды негізде еркін қол жеткізуге адамдардың шектеулі тобы ие болатын, жариялануы, алынуы, пайдалануы оның мүдделеріне залал келтіруі мүмкін ақпарат.

Коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат мынадай бірқатар талаптарға жауап беруі керек:

- ▶ Ол мемлекеттік құпияға жатқызылмайды;
- ▶ Ақпаратты ашық қолдану кәсіпорын үшін зиян келтіруі мүмкін;
- ▶ Ақпарат заңдық негізде жалпыға белгілі және жалпыға қол жетімді болып табылмайды;

- ▶ Кәсіпорын экономикалық және басқа да тиімділікті қамтамасыз ету үшін құпиялылықты сақтау бойынша қажетті шараларды жүзеге асырады;
- ▶ Коммерциялық құпия болып табылатын ақпараттарды қорғауды қажет етеді;
- ▶ Мұндай мәліметтерді құпия ұстау кәсіпорынға зиянын тигізбейді.

**Коммерциялық кұпия болып табылатын
мәмілеттерді кәсіпорынның қызмет сферасы
мен сипатына байланысты келесі топтарға
бөлуге болады:**

- е**
 - ▶ **Қаржылық қызмет туралы**
мәліметтер.
 - ▶ **Нарық туралы ақпарат;**
 - ▶ **Өндіріс, жұмыс орындау, қызмет**
ккрсету туралы мәліметтер;

- ▶ Ғылыми әзірлемелер туралы мәліметтер;
- ▶ Материялды- техникалық қамтамасыз ету жүйесі туралы мәліметтер;
- ▶ Кәсіпорын персоналы туралы мәліметтер;
- ▶ Кәсіпорынды басқару қағидалары мәмілеттер.

2. Коммерциялық құпияны қорғау жүйесі және құпияны жариялағаны үшін қолданылатын іс- шаралар

Әрбір кәсіпорында өзіндік ерекшелігіне сәйкес ақпараттар бірнеше түрге бөлінуі мүмкін:

- ▶ Жабық ақпарат;
- ▶ Қызметтік қолданысқа арналған ақпарат;
- ▶ Қол жетімділігі шектеулі ақпарат;
- ▶ Еркін қолданысқа арналған ақпарат.

Кәсіпорыннан құпия ақпарат төмендегілер арқылы тарауы мүмкін:

- ▶ Мемлекеттік бақылаушы органдардың заңсыз жолмен қол жеткізуі (мысалы, негізсіз тексеру, заңсыз талар ету т.б.);
- ▶ Бәсекелестердің шпионаждық тәсілі;
- ▶ Әлеуетті инвесторлардың әділетсіз әрікеттері (мыс. Жаңа жобаларды қаржыландыру мүмкіндігін айта отырып ақпараттар алу);

- ▶ Бизнестегі әріптестердің немесе кеңес беруші мамандардың өз мақсаттарына пайдалануы немесе жариялауы;
- ▶ Ұжымдағы қызметтерлердің өз мақсаттарына пайдалануы немесе үшінші жаққа беруі (таратуы)

Коммерциялық құпияны қорғау үшін, ең алдымен, мұндай мәліметтерді жариялауға шектеулер қою қажет. Ол үшін кәсіпорында белгілі бір құжаттар дайындап, бірқатар іс-шараларды жүзеге асыруы керек:

- ▶ Біріншіден, коммерциялық құпияны құрайтын құпия сипатқа ие болатын мәліметтер тізімін анықтау қажет;
- ▶ Екіншіден, коммерциялық құпияны қорғау қалай жүзеге асырылатындығы жөнінде ереже дайындау қажет.

- ▶ Үшіншіден, әзірленген құжаттар негізінде лауазымдық нұсқаулықтарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу қажет;
- ▶ Төртіншіден, кәсіпорынның барлық қызметтеріне хабарлай отырып, жауапкершілік пен жазалау мәселесін қатаң ескерту қажет;
- ▶ Бесіншіден, коммерциялық құпияны сақтау үшін қажетті барлық жағдайлар жасауы тиіс.

Коммерциялық құпияны қорғауды қамтамасыз ету

Ішкі

Сыртқы

Құқықтық ұйымдық техникалық Психологиялық

Құқықтық

1. Коммерциялық кұпиянын сақтауын камтамасыз ететін ереже қабылдау
2. Толық материалдық жауапкершілік туралы шарт жасасу
3. Коммерциялық кұпияны жарияламау жөнінде және оның жауапкершілігін ескертетін қолхат алу

Ұйымдық

1. Арнайы бөлімшелер кұру.
2. Кұпия іс-қағаздарын жүргізуді ұйымдастыру
3. Кұпиялылықты қамтамасыз етуге жауапты адамды тағайындау.
4. Ақпаратқа қол жеткізудің рұқсат ету жүйесін әзірлеу.

Техникалық

1. Ақпараттың таралуы мүмкін көздерін анықтау.
2. Ақпаратты сақтау үшін арнайы кұралдар мен бағдарламалық өнімдерді сатып алу және монтаждау.
3. Ақпараттың тарату аналдарын іздеу және техниалық қорғау бойынша жүйелі түрде іс-шаралар жүргізу.

Психологиялы қ

1. Персоналдар мен, әріптестер мен және тұтынушылар мен түсіндіру жұмыс тарын жүргізу.
2. Ұжымда қолайлы жағдай жасау.
3. Күмәнді адамдарды анықтаумен байланысты тұрақты түрде тексерістер жүргізу.

Коммерциялық құпияны қорғауды ұйымдастыру кезінде оның экономикалық тиімділігіне де көңіл бөлу қажет. Сондықтан мынандай екі жаңдайды ескеру керек:

- ▶ Құпияны сақтауды қамтамасыз етуге жұмсалатын шығындар коммерциялық құпия жария болған жағдайда, болуы мүмкін экономикалық зиянмен саластырған аз болуы тиіс;
- ▶ Коммерциялық құпияны сақтауды қамтамасыз етудің жоспарланған іс-шаралары кәсіпкерлік қызметтің экономикалық тиімділігін арттыруға септігін тигізуі қажет.

Коммерциялық құпия болып табылатын ақпаратты қорғау барысында кәсіпорын мынандай міндеттерді шешуі қажет:

- ▶ Бірінші, ол өз қызметі жөнінде тұтынушылар және жабдықтаушыларды ақпараттық мәліметтермен қамтамасыз ету және жарнамалауы қажет.
- ▶ Екінші, кәсіпорын қызметінің көптеген аспектілерін жарнамалауы үшін, оның нақты ақпараттық мәліметтерін ашық пайдаланбау мүмкін емес. Бұл жағдайда кәсіпорынның коммерциялық құпиясын ашу проблемасы туындайды.